

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылы 4 қазанда N 918 болып Тіркелген "Қорғас", "Бақты", "Достық", "Майқапшағай", "Қолжат" өткізу пункттері арқылы жеке адамдар өткізетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының 1999 жылғы 22 қыркүйектегі N 462-Ө бұйрығына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 18 сәуірдегі N 153 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 23 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 2241. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 401 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Заңға тәуелді актілерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін орындау үшін, кеден ісі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келтіру мақсатында бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының және Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын...

Төраға

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының және Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының күші жойылды деп танылған бұйрықтарының тізбесі

17. "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 4 қазанда N 918 болып тіркелген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының "Қорғас", "Бақты", "Достық", "Майқапшағай", "Қалжат" өткізу пункттері арылы жеке адамдар өткізетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 1999 жылғы 22 қыркүйектегі N 462-П бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы"

2003 жылғы 18 сәуірдегі N 153 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 23 сәуірде N 2241 болып тіркелген)...

2003 жылдың 2 сәуірінің Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі И.Н.Тасмағамбетовтың басшылығымен өткен 20-41/005-583 жиналыс Протоколының 6 тармағына сәйкес, сонымен қатар жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы Қытай Халық Республикасының аумағынан әкелетін тауарларға кедендік бақылауды жетілдіру мақсатында,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылы 4 қазанда N 918 болып тіркелген "Қорғас", "Бахты", "Достық", "Майқапшағай", "Қолжат" өткізу пункттері арқылы жеке адамдар өткізетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу туралы" 1999 жылғы Кеден жаршысында жарияланған, Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2002 жылғы 5 қарашадағы N 86 бұйрығымен енгізген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті төрағасының 1999 жылғы 22 қыркүйектегі N 462-Ө бұйрығына мынадай толықтыру мен өзгеріс енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

1-абзац "Бахты" деген сөзден кейін "Қорғас", "Достық", "Қолжат" деген сөздермен толықтырылсын.

2 - а б з а ц а л ы н ы п т а с т а л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (И.Ы. Ансарова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін .

3. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің баспасөз қызметі (Г.Е.Қойшыбаева) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының бірінші орынбасарына А.К. Ержановқа жүктелсін .

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау агенттігінің**

Төрағасы

